

**«6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша 3 курс
докторанты Алдабергенова Айым Алдабергеновнаның
«Абсурд әдебиетін аударудың функционалды және лингвомәдени
аспектілері (Дж.Хеллердің «Catch-22» романының аудармалары негізінде)»
тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
жазылған диссертациясының**

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Көркем мәтіндерді, оның ішінде абсурд әдебиетін аударудың теориялық және қолданбалы аспектілері әлі де аз зерттелгеніне қарамастан қазіргі филологиялық парадигмада маңызды орын алады. Бұл аспектілер қазіргі заманғы мәдениетаралық коммуникация үдерістері үшін әдіснамалық тұрғыдан өте маңызды. Өз кезегінде абсурд заманауи мәдениетте әртүрлі бағыттағы ғылымның зерттеу нысаны ретінде болжамды дискурс аралық феномен дәрежесіне жиі ие болып келеді. Сондықтан да ХХ ғасырдағы АҚШ абсурд әдебиетінің аудармасын талдау диссертациялық зерттеуде мынадай пәнаралық түйісуде ұсынылған: аударматану теориясы, семиотикалық теория және мәдени трансфер теориялары. Абсурд әдебиетін аудару үшін аударманың тек қана функционалды аспектілері ғана емес, сонымен қатар синтаксистік, лексикалық және грамматикалық нормалары, лингвомәдени аспектілері де ескерілуі тиіс. Абсурд әдебиетін аударудың белгілі бір амалдары мен әдістерін таңдағанда, аудармашы мәтінмен жұмыс жасау кезінде тек бір нақты түсіндіру (интерпретация) әдісін басшылыққа алуы мүмкін еместігін есепке алғаны жөн. Әлбетте, абсурд әдебиетінің аудармасы негізінен жеке шығармашылық процесс, яғни аудармашының лингвожасампаз мүмкіндіктерінің деңгейімен, белгілі бір уақыт пен кеңістікпен байланысты.

Осылайша, диссертациялық зерттеу **тақырыбының өзектілігі** білімнің гуманитарлық парадигмасының іргелі мәселесіне назар аударумен анықталады: таным мен аударма мәселелерінің арақатынасы, авторлық мәтінді ұсынудағы аударма дискурсының орны.

Зерттеу жұмысы аударматанудың өзекті мәселесі – мәтіндегі автордың түпкі ойын жеткізу барысында көркем әдебиет мәтінін аударуды негізгі және қосалқы арасындағы мәселе ретінде қарастыруға бағытталған.

Зерттеу нысаны американдық абсурд әдебиетінің көркем мәтіндерінің аударма машығы болып табылады.

Зерттеу пәні – дискурсивті тәжірибеде қарастырылған Дж.Хеллердің «Catch-22» романы аудармаларының функционалды және лингвомәдени аспектілері болып табылады.

Зерттеудің мақсаты Дж.Хеллер романының аудармаларының функционалды және лингвомәдени ерекшеліктерін уақыттық дискурсивті тәжірибенің әсер етуіне байланысты зерттеу.

Бұл мақсатты іске асыру үшін келесі **міндеттер** қойылды:

– қазіргі аударматанудағы шешімін таппаған абсурд әдебиетін аударудың теориялық мәселелерін анықтау;

– Дж.Хеллер романы негізінде заманауи абсурд әдебиетін аударудың функционалды мәселелерін қарастыру;

– Дж.Хеллер романының аудармаларындағы автордың түпкі ойын жеткізу мен баламалылыққа жету үшін тілдік құрылымдарды қолдану негізінде туындаған аударманың функционалды аспектілеріндегі аудармашы шешімдерін анықтау;

– Дж.Хеллер романының уақыттық дискурсивті тәжірибесінде аударма талдауын жасау;

– «Catch-22» романы негізінде абсурд әдебиетін аударудың лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау;

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Зерттеудің негізгі теориясы Ю.М.Лотманның мәтінді қабылдаудың семиотикалық теориясы болып табылады. Өз кезегінде авторлық шешім қабылдауға оның туындысы, «екінші реттегі» теория ретінде, Н.С.Автономованың аударма кезіндегі шекаралардың мәдени қиылысы туралы тұжырымдамасы болды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі келесі отандық және шетелдік ғалымдардың төмендегідей: абсурд теориясы (О.Д.Буренина, Ф.Гиренок, Е.Клюев, А.П.Огурцов, Д.В.Токарев, М.Эсслин және т.б.); заманауи медиалогиялық тұжырымдамасы (В.Мильдон, Ю.В.Мурашов, Г.Г.Гиздатов және т.б.); аударманың семиотикалық теориясы (Д.Бахман-Медик, В.Руднев, О.Г.Ревзина, И.И.Ревзин және т.б.); аударма теориясы (В.Н.Комиссаров, Н.С.Автономова, А.Д.Швейцер, Р.Якобсон, Ю.Найда, К.Райс, Р.З.Загидуллин, А.Ислам, А.Алдашева және т.б.); көркем аударма теориясы тұрғысынан (Т.А.Казакова, В.В.Виноградов, Ю.М.Лотман, Л.Л.Нелюбин, Н.В.Тимко, С.С.Құнанбаева, А.С.Ермағамбетова, Б.М.Мизамхан және т.б.) еңбектеріне сүйенеді.

Зерттеудің әдістері зерттелінетін тәжірибелік материалдың гетерогендігі және қойылған мақсат пен міндеттерге сай таңдалған:

– аударма машығында сипаттама бірліктерін, олардың қасиеттерін, белгілерін, сипаттамаларын, грамматикалық ерекшеліктерін белгілеу кезіндегі сипаттама әдісі;

– аударма арқылы оның қызметтерін зерттеу барысында, мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктерін сәйкестендіру арқылы дискурсивті талдау жасау әдісі;

– көркем шығарманың түпнұсқа мәтінін және оның аудармаларын талдау кезінде қолданылатын салыстырмалы талдау әдісі;

– әр түрлі уақытта жасалған екі аударманың аударма алды және аудармадан кейінгі талдау әдістері;

– көркем аударма тәжірибесінде мағыналық бірліктерін анықтауда мазмұнды талдау әдісі;

– аударма мәтіндерінің экстралингвистикалық белгілерін қарастыруда қолданылатын лингвомәдени талдау әдісі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы аударманың заманауи зерттеулерінде алғаш рет аударманың дискурсивті тәжірибелеріне талдау жасау болып

табылады. Диссертациялық жұмыста аударманың функционалды, лингвомәдени және концептуалды аспектілерін көрсететін заманауи аударма шешімдері қарастырылады.

Американдық жазушының романы мәтінінің екі түрлі интерпретациясына алғаш рет салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу жұмысында бірінші рет Дж.Хеллердің (1961ж.) бір романының екі түрлі интерпретациясының мәдени көрінісінің дәлдігі мен толықтығына/толық еместігіне талдау ұсынылды. Диссертациялық жұмыста көрсетілген гуманитарлық ғылымдардағы мәдени бетбұрыс тұжырымдамалары дәл және даулы немесе дұрыс емес аударма шешімдерін талдауда нақты мазмұнмен толықтырылады. Зерттеудің негізгі нәтижелері кеңестік және кеш кеңестік дискурсивті-аударма тәжірибелерінде түпнұсқа және аударылған мәтіндерді нақты танумен анықталады. Аудармашылар М.Виленский, В.Титов (1967ж.) және А.Кистяковскийдің (1988ж.) интерпретацияларында аударма заманауи мәдениетте американдық мәтіннің енуі мен шеттетілуін анықтайтын лингвомәдени және лингвожасампаз әлеуметтік қызмет ретінде танылған.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы абсурд әдебиетін аударуды тек көркемдік категория ретінде ғана емес, сонымен бірге әлемнің көркемдік көзқарасын жаңартуға, жаңа мағынаның тууына ықпал ететін ерекше мәдени феномен ретінде функционалды және лингвомәдени зерттеулердің қажеттілігімен анықталады. Аударманың функционалды және лингвомәдени аспектілеріне талдау жасау «бөтен» мәтіннің басқа мәдениетке енуін немесе одан шеттетілуін түсіндіруге мүмкіндік береді. Ескеретін жайт, соңғы уақытқа дейін үстемдік еткен салыстырмалы лингвистикалық талдау түпнұсқа мен аударма мәтіндерінің тек семантикалық және стилистикалық баламасының формалды дәрежесін ғана анықтаған. Расымен де, лингвистикалық аударматануды белгілі бір критерийлер, категориялар мен бағалауды ұсынатын аударматанудағы «мәдени бетбұрыс» пен «мәдени аударма» (Д.Бахман-Медик термині) парадигмасы алмастырғандығы жұмыста нақты көрсетіледі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін көркем мәтіндерді аударудың теориясы мен машығы бойынша курстарды, атап айтқанда, аударма теориясы, жазбаша аударма машығы, лингвистикалық (аударма) зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері, аударматанудың заманауи тұжырымдамалары, аударманың лингвомәдени аспектісі, аударманың когнитивті-коммуникативтік тұжырымдамасының әдіснамасы, заманауи аударма тұжырымдамалары, сондай-ақ филологиялық бағыттағы мамандықтар бойынша арнайы курстарды оқыту машығында пайдалану мүмкіндігімен анықталады.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын қағидаттар:

– Аударманы дискурсивті әлеуметтік қызмет ретінде талдауды мәдени бетбұрыстар теориясы аясында жүргізген жөн. Соңғысы диссертациялық зерттеуде ең абстрактілі «идеалды» объектімен айналысатын басты теория ретінде көрсетілген. Біздің қарастыруымызда басты теория ретінде Ю.М.Лотманның мәтінді қабылдаудың семиотикалық теориясы саналады. Ал, өз кезегінде оның туындысы, яғни диссертациялық зерттеудің «екінші ретті»

теориясы Н.С.Автономованың аударма кезіндегі мәдени шекаралардың қиылысы туралы тұжырымдамасы болды. Осылайша, көркем аударматану өзінің теориялық және қолданбалы аспектілеріне мәдени жадыны, медиалогиялық талдаудың теориясы мен машығын зерттеуді қамтуы керек. Сонымен қатар, нақты аударма шешімдерін қабылдаудың негізгі шарттары аудармашының аударманың негізгі кодтарын түсінуін талап етеді, соңғысына біз жалпы жад, ақпараттылық, даралық, шындық, сипаттаманың толықтығы/толық еместігі, семантикалық байланысты жатқызамыз.

– Функционалды аспектіде уақыттық дискурсивті тәжірибенің нақты аударма шешімдеріне әсері анықталды. Бұл қатарда М.Виленский мен В.Титов ұсынған аударма нұсқасында мынадай аударма шешімдері анықталған: а) түпнұсқаны идеологиялық цензуралау; б) мәдени қайта құрулар мен репрезентациялар; в) бос орындар/қалдырып кетулер; г) мағынаның өзгеруі және алдыңғы аударма тәжірибесінде орын алған басқа әлеуметтік және мәдени тәжірибені суреттеуді бос немесе толық емес үлгілер арқылы сипаттау ретінде жүзеге асырылған басқа да аударма трансформациялары.

1967 жылғы аудармада автор мен оқырман арасында әр түрлі код пайда болғандығы дәлелденді, ол біздің жағдайда аудармашылар (М.Виленский және В.Титов) мәтінге өздерінің көркемдік тілін, ал оқырманға өздерінің идеологиялық және моральдық көзқарастарын міндеттеген кезде пайда болады. Нәтижесінде авторлық мәтін қайта кодтауға ұшыраған. 60-шы жылдардағы аударма қоғамдық дискурс монополияланған, сәйкесінше аударма лексикасы шектеулі және стереотипті болған дискурстық жағдайды айқын көрсетеді.

Өз кезегінде А.Кистяковскийдің аударма нұсқасы автор мен оқырман арасында ортақ код қалыптастырады. Шын мәнінде, бұл аударма біздің кезеңіміздің өзекті мәдени тәжірибесі болып есептеледі. А.Кистяковскийдің аудармасы (1988ж.) іс жүзінде «рецептивті-барабар аударма» болып табылады, яғни ол қабылдаушыға түпнұсқа мәтіні сияқты әсер етеді, сол эмоцияларды тудырады және көркем мәтін авторының эстетикалық ниетін және оның мәтінінің коммуникативті-функционалды әсерін жеткізеді. Қарастырудың функционалды аспектісінде А.Кистяковскийдің аудармасы келесідей жағдайда түпнұсқаға балама болып табылады: а) аудармашының интерпретациялық қызметінде ұсынылған бірыңғай семантикалық кеңістікті (романның тұжырымдамалық идеясы, символизацияның тілдік машығы) сақтау және қайта құру, сонымен қатар б) түпнұсқа мен аударма мәтіндерінде ұсынылған бірыңғай мәдени кодтар; в) автордың түпкі ойына балама аударма шешімдері.

– Абсурд әдебиетінің көркем аудармасы (әртүрлі жылдардағы Дж.Хеллер романының аудармаларының негізінде) диссертациялық зерттеуде функционалды аспектіден қарағанда бірқатар өзара байланысты операциялар ретінде анықталған, олардың ішіндегі ең маңыздысы – интерпретацияның бір түрі. Диссертациялық жұмыста аударманың сыртқы шарттары: а) уақыттық және кеңістіктік дискурсивті практика; және ішкі шарттары: а) аудармашылардың білімділігі мен біліктілігінің деңгейі; б) мәтіннің шығу ортасы; в) аударма мәтініндегі автордың түпкі ойын аудармашының өзінің идеологиялық түсінуі; г) туынды оқылған немесе оқылатын мәнмәтін Дж.Хеллердің «Catch-22»

романының аударылған нұсқаларының әрқайсысы өзінің дискурсивті тәжірибесі мен дәуірін көрсетеді.

– Аударма мәтіні оны түсінудің барлық аспектілерінде, атап айтқанда әлеуметтік, эстетикалық және аксиологиялық тұрғыдан, біздің ойымызша, өзге мәдениетте құрастырылған мәтін ретінде қабылдануы керек. М.Виленский мен В.Титовтың аудармасы бойынша, кеңестік симуляциялық шындықтың американдық романда бейнеленген абсурдтық шындыққа жақындығы оқырман үшін ашылмаған. Бұл романның аудармасының алғашқы нұсқасының өз заманының әлеуметтік-мәдени кеңістігінде тіпті «іздерінің» де қалмауымен түсіндіріледі. Ал А.Кистьяковскийдің аудармасы тілдің функционалды құралдарының барлық жиынтығын қолдана отырып, романның сюрреальды әзілін, ақылсыздықты, қаталдықты және авторлық стильдің әуезділігін бір уақытта жеткізеді. А.Кистьяковскийдің аударма баламаларында аудармашының оқырмандарды басқа адамдардың ойлау формаларына, символизацияның мәдени практикасына саналы түрде қосқанын көруге болады. Бұл бюрократиялық және абсурдтық әлемдегі кейіпкердің трагедиясы тек екінші аударма нұсқасында берілген.

– Аударма М.Виленский, В.Титов (1967ж.) және А.Кистьяковскийдің (1988ж.) интерпретацияларында заманауи мәдениеттегі американдық мәтіннің қабылдануы мен шеттетілуін анықтайтын лингвожасампаз әлеуметтік қызмет ретінде танылды. Бір романның осы екі интерпретациясына қатысты өз заманының дискурсивті тәжірибесін көрсететін аудармадағы баламалылықтың екі түрлі деңгейі туралы айтуға болады. Аударманың бірінші нұсқасындағы 1960-жылдардағы тілдің лингвомәдени құралдары американдық милитаристік идеяны жеңілдету және сонымен бірге мақсатты сөзбе сөз аударманы жүзеге асыру үшін қолданылады. Романды аудару және трансфер үрдісінде вербальды құраушыдан бастап әр түрлі трансформацияларға дейін, соның ішінде сюжеттің, интертекстің өзгеруі, түпнұсқаның уақыттық және ұлттық бояуының бұрмалануы сияқты түрлі өзгерістер тізбегі орын алады. Екінші жағдайда романның лингвомәдени тұрғыдан берілуі нәтижесінде әдебиетте де, медиа саласында да аударма мәдениетаралық трансферде көрініс тапты.

Апробация. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 11 ғылыми еңбектерде, оның ішінде 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында; 4 мақала Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда; 1 мақала Scopus деректер желісіне қосылған халықаралық журналда жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, тарау бойынша түйіннен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.